

## **Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық жәрдем көрсету қызметін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 27 қыркүйек 1994 ж. N 1068

Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру мен олардың медициналық-санитарлық зардаптарын жою және Төтенше жағдайларда сақтандыру мен іс-қимыл жасаудың республикалық жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық жәрдем көрсету қызметі құрылсын.

Аталған қызмет орнына шұғыл медициналық жәрдем орталықтары, мамандандырылған орталықтар, төтенше жағдайлар кезінде зақымданғандарды орналастыруға арналған емдеу орындары, мамандандырылған медициналық жәрдем көрсететін бригадалар, оның ішінде ұдайы әзірліктегі бригадалар, дәрігерлік-медбикелер (фельдшерлік) бригадалары, жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциялары (бөлімшелері), шұғыл және жоспарлы-консультациялық жәрдем көрсету бөлімшелері, қан құю станциялары (бөлімшелері), азаматтық қорғаныстың медициналық қызметінің мекемелері мен құрамалары, "Фармация" мемлекеттік акционерлік холдинг компаниясының, "Медтехника" акционерлік қоғамының, "Қазмеджабдықтау" республикалық жалгерлік кәсіпорнының республикалық, облыстық және қалалық ұйымдары кіреді деп белгіленсін.

Аса қатерлі төтенше жағдайлар туған кезде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының шешімімен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық жәрдем көрсету қызметінің құрамына басқа министрліктер мен ведомстволардың медициналық күштері мен құрамдары, оның ішінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармаларының азаматтық қорғанысының санитарлық-көлік құрамалары қосыла алады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министріне Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық жәрдем көрсету қызметін одан әрі дамыту мен жетілдіру мақсатында оның құрамына өзгерістер енгізу құқығы берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне Қазақстан

Республикасының Төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық жәрдем көрсету қызметіне ұйымдық-әдістемелік және ғылыми жағынан жетекшілік ету ісі жүктелсін.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлардағы шұғыл медициналық жәрдем көрсету қызметі туралы ережені және оның бөлімшелерінің қызметін, оның ішінде басқа министрліктермен және ведомстволармен өзара іс-қимылының тәртібін, аса қатерлі төтенше жағдайлар кезінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру шарттарын реттейтін басқа да нормативтік құжаттарды үш ай мерзім ішінде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен келісу бойынша бекітетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері тиісті денсаулық сақтау органдарының өтінімдері бойынша объектілер салуға, шұғыл медициналық көмек қызметінің бөлімшелерін жабдықтауға, өркендету мен ұстауға жыл сайын қаражат бөлінуін көздесін.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің: "Төтенше жағдайларда сақтандырудың және іс-әрекет жасаудың республикалық жүйесін көлік құралдарымен қамтамасыз ету және оның күштері мен құрал-жабдықтарын тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1993 жылғы 16 сәуірдегі N 315 P930315\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 13, 159-бап) және "Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайларда мемлекеттік басқару органдарын байланыспен қамтамасыз ету туралы" 1993 жылғы 4 қазандағы N 981 P930981\_ қаулысына сәйкес Төтенше жағдайларда шұғыл медициналық жәрдем көрсету қызметін көлік құралдарымен және байланыспен қамтамасыз ету басымдылық тәртіппен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі